

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "iBala" балабақшасы

Топ: «Солнышко» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27 қараша-01 желтоқсан айы, 2023-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.11.2023ж	Сейсенбі 28.11.2023ж	Сәрсенбі 29.11.2023ж	Бейсенбі 30.11.2023ж	Жұма 01.12.2023ж
Балаларды қабылдау	Міндеті: сөздік қорын байыту. «Қайырлы таң, достарым» Мақсаты: өз ана тілінде сәлемдесуді әдетке айналдыру. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: сөздік қорын байыту. «Жылуыңмен бөліс» Мақсаты: Жағымды эмоционалды орта құру арқылы, бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсе алуға ықпал ету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: сөздік қорын байыту. «Қуыршақ бізге қонаққа келді» Мақсаты: Қуыршақпен амандасу балаларға сұрақ қою арқылы көңіл-күйлерін сұрау. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	Міндеті: сөздік қорын байыту. «Интервью» Мақсаты: Жағымды эмоционалды орта құру арқылы, бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсе алуға ықпал ету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажырату. «Сиқырлы дыбыс» Мақсаты: балалар арасында көңілді орта орнату, белсенді дене қимылына баулу. (Музыка, дене шынықтыру)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	Міндеті: Сандар туралы түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Дауыстап санау» Мақсаты: дауыстап санауға, қорытынды	Міндеті: Сандар туралы түсіндіру. Үстел үсті ойыны: «Ғажайып тастар» Мақсаты: марблс тастарын санау	Міндеті: шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. «Мақта қыз бен мысық»	Міндеті: Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы туралы білімдерін қалыптастыру. «Алға-әсем қалам»	Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру. Мақал-мәтелдер оқу, балаларға

қарау және тағы басқа әрекеттер)	санды есте сақтауға үйрету. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру)	арқылы санауға қызығушылықтарын ояту. (Математика негізері, қоршаған ортамен таныстыру)	Мақсаты: Ертегіні тыңдау, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Мақсаты: (қоршаған ортамен таныстыру)	қайталату. Мақсаты: Тілдік қорын дамыту. Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен еркін жүру. Құстарға ұқсап жүру . Шеңбер бойымен адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру / шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Б. қ.: «Оң-сол» Аяқтары алшақ қойылған , ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /6 рет қайталау/ Б. қ.: «Шеңбер жасау» Аяқтары алшақ қойылған , ленталар жанда, лентаны жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға иықты айналдыра отырып шеңбер жасау. / 6 рет қайталау/ Б.қ.: «Айқастыру» Аяқты алшақ қоямыз. Ленталарды жанға созу. оң қолдағы лентаны сол иыққа апару, сол қолдағы лентаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту. /6 рет қайталау/ Б.қ.: «Жасыру» Аяқты алшақ қоямыз. Ленталар белде. Алдыға қарай еңкейіп ленталарды созу «бар» деп айту, артқа шалқайып, ленталарды жасыру «жоқ» деп айту. /6 рет қайталау/ Шеңбер бойымен жүру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын!				

	Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Тақырыбы:«Көңілді старт» Міндеті:Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру. Шеңбер бойымен тұрып: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар: -Тепе-теңдікті сақтай отырып, қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүреді. (Негізгі қимылдар орындау барысында	Дене шынықтыру Тақырыбы:«Түзу жолмен жүремін» Міндеті: арқан бойымен жүру, тура жолмен тепе-теңдікті сақтай отырып жүру. Шеңберде: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар -Арқан бойымен жүреді, тура жолмен тепе-теңдікті сақтай отырып жүреді. (Негізгі қимылдар орындау барысында арқан қолдану) Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Тыныс алу	Музыка Маман жоспарына сәйкес.	Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы:«Қадамды нық басамыз» Міндеті:Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен, қосалқы қадаммен жүру. Саппен шеңбер бойлай жүріп: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар -бір қырымен жүру. -қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойын: « Аңдардың жүрісі» (музыка) Тыныс алу жаттығуы: «Шар ұру»	Қазақ тілі Тақырыбы: «Сиқырлы суреттер».Міндеті: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Шаттық шеңбері «Аманбысың, алтын күн!» Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер. Табиғат бұрышына

	көлбеу тақтай қолдану) Қимылды ойын: «доптар мектебі» Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»	жаттығуы: «Шар үру»			саяхат. «Интервью» ойыны арқылы балаларға сұрақ қою. Балалар өздеріне таныс табиғат нысандарын қазақ тілінде айтуға үйренеді. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер». Еркін ойындары.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен №18 Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға	Серуен №19 Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың	Серуен №20 Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау. Мақсаты: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру. (қоршаған ортамен	Серуен №1 Қырауды бақылау. Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын түсіндіру. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темірзатқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті,	Серуен №2 «Қарды бақылау» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру)

тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.(көркем әдебиет) Ойын: «Шымшық доп». Мақсаты: Допты	жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету. Жеке жұмыс: «Күз» өлеңі. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Көрінеді шалғайдан, Бел-белестер сарғайған. Сары жапырақтар төгілген, Тоғайды да көрдім мен.(көркем әдебиет) Қимылдық ойын: «Қашпа, доп». Мақсаты: Ойын	таныстыру) Еңбек: Біздің ауламыз. Мақсаты: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Күзгі киім». Мақсаты: Күзгі киім атауларын үйрету.(сөйлеуді дамыту) Қимылдық ойын: « Күн мен түн». Мақсаты: Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру)	біздіңбуымызсуықтан қырауғаайналды. Соныменқыраубүлкәдімгібу, оләйнекшынысына, ағаш Бұтақтарында, бұтақтарында, басқазаттардакатып, Қырауға айналған. Қырауәдеттекүнніңашығындапайдаболады.(қоршаған ортамен таныстыру) Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезегеқыраудан, Суретсалыптастады. (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «суыққойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, Тапқырлық таныта білу. (дене шынықтыру) Еңбек: бір біріне кедергі жасамай,	Тақпақ: Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. (көркем әдебиет) Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау» Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру. Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Жеке жұмыс: «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату. Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)
---	--	--	---	--

	қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру)	шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. (дене шынықтыру) Дербес ойындар: • Қуаласпақ • Қояндар секіреді.		жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Жұмбақ: Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. (көркем әдебиет,қазақ тілі)	Қимылды ойын: «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезіндеқатарғатұрудыдағдыландыру. Асықпайбір-бірін итермейжүрудіүйрету. Топтакиетінаяқкиімдерінөзбетіншеауыстырып, киюінүйрету. (дербесойынәрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарынсабындап, киімдерінсуламай жуыну. Өзініңжекесүлгісінтани білудіүйрету. Сүлгінідұрысқолданудыдамыту, орнынаіліпқоюынқалыптастыру.Тамақтанукезіндеорындықтаікотыру. Астындәмдіболуынтілеу. Тамақтыдұрысішу. Қасықтыдұрысұстау, майлықтықолдану ,нанқиқымыншашпай, сорпаменсусынынтөкпейішудіүйрету. (мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндепұйқыданояту, Сауықтырушаралары	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын				

	орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				
Бесін ас	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				
Балалардың дербес әрекеті (баяуқимылды ойындар, үстел үстін ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдануға үйрету. (құрастыру) Дидактикалық ойын: «Құстарға ұя жасаймын» Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден құстың ұясын құрастыру. «Суретші қай жерде қателесті?» ойыны «Суретші боламын» Міндеті: өнер туындыларына қызығушылықтарын арттыру (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Дидактикалық ойын: «Ойыншық жасаймын» (құрастыру)	Міндеті: Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. «Жоғалған пішіндер» (математика негіздері) Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) «Конструктор» құрылыс ойыны Міндеті: бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу Мақсаты: Қолдың ұсақ	Міндеті: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу «Ойыншықтар дүкені» ойыны Мақсаты: Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Өз қалауы бойынша бейнелеу түрін таңдау. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеті: жаңа ғимараттар салу. Мақсаты: бұрын игерген дағдыларды қолданып жаңа ғимараттар салу. (құрастыру)	«Сикырлы қалта» ойыны Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. Міндеті: біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. (Математика негіздері) Міндеті: ұжымдық құрылыс жасауға үйрету. «Пазлдар» Мақсаты: әр пазлды дұрыс қоя білуге, топпен жұмыс жасай алуға үйрету.

			моторикасын дамыту. (құрастыру)		
Баламен жеке жұмыс	Асадқа музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету.	Жангүлге қарапайым пазлдарды жинай алуға үйрету.	Ибрагимге өсімдіктер мен жаннуарларға қамқорлық жасауға баулу.	Расулға конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыруға үйрету.	Жомартқа дауысты және дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді айтуға үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен №18 Көгершінді бақылау.	Серуен №19 Күзгі көріністі бақылау.	Серуен №20 Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.	Серуен №1 Қырауды бақылау.	Серуен № 2 «Қарды бақылау»
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме